

ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР

УДК 1.17

Дариябек Д.С.

*философия магистрі, Философия, саясаттану және дінтану институты
Дінтану (PhD) докторанты, Алматы. Қазақстан*

ҰЛТТЫҚ ИДЕНТИФИКАЦИЯ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚ

Андатпа: Бұл мақалада жаһанданудың ұлттық идентификация мен құндылықтарға әсері қарастырылған. Жаһандану адам өмірінің барлық саласына мәдениетке, тілге, білім беру мен рухани-адамгершілік дамуға елеулі ықпал етеді. Қазіргі қоғамда бұл аталған құндылықтардың бәрі жаңа қасиеттерге ие болуда.

Кез келген халықтың рухани-мәдени болмысында идентификация маңызды орын алады. Ол сан ғасырлар бойы жинақталған ұлттық құндылықтар, дүниетаным мен қағидалардың тоғысы әрі заман өткен сайын толығып, өңделіп отыратын бірегей құбылыс. Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық идентификация дегеніміз адамдардың рухани дамуының кепілі, жап-дүниесінің сұранысы. Бүгінгі таңда оны ғылымда «сәйкестік» термині ретінде қолданып жүрген зерттеушілер баршылық. Дегенмен аталмыш анықтаманың ұғымның толық мазмұнын бере алмайтындығын айта кетуіміз қажет.

Кілт сөздер: ұлттық идентификация, құндылық, жаһандану, бұқаралық мәдениет.

Ұлттық идентификацияның басты көрсеткішінің бірі – адамның белгілі бір ұлтқа жатуы, яғни этникалық сипаты. Әрине, өзін белгілі бір ұлтқа жатқызу адамның еркінс берілмейтін қасиет. Қанша жерден ұлтын өзі таңдаймын десе де, адам өз еркінен тыс белгілі бір территорияда, белгілі бір ұлттық мәдениеттің аясында дүниеге келеді. Сондықтан, көп адам үшін ұлттық болмыс Құдайдың бұйрығы һәм сыйы, тағдырдың еншісі ретінде киелі, қасиетті дүние саналады. Көп адамға ана тілі де, туған жері де сондықтан киелі. Мифологиялық санаға мән бермейтін Еуропа мәдениетінде бұл дүниелер болғанмен, баса назар аударылмайды. Осы ретте ұлттық идентификацияның екі түрін көрсетуге болады. Бірі, азаматтық немесе мемлекеттік сананың тұтастығы. Екіншісі, этникалық тұтастық.

Мемлекеттік немесе азаматтық идентификация - саяси, тіпті заңдық күші бар категория. Ол адам құқының, яғни, саналы таңдаудың нәтижесі. Көп ретте Еуропада мемлекеттік-ұлттық идентификацияны адам өзі таңдайды, яғни, азаматтығын ауыстырады. Азаматтық идентификацияның маңызы жаһандану заманында артып келеді. Өйткені, адамдардың әлемдік нарықты игеру үшін көптеген елдерге көшіп-қонып, дамушы елдерді аралауына тура келеді. Тіпті, кейбір мамандар бір мемлекеттерге тұрақтайды, яғни, азаматтығын ауыстырады.

Ұлттық идентификация мәселесін этникалық тұрғыда талдасақ, ол биологиялық душарлық болып шығады. Адам бір ұлттың өкілі болып туады және өзінің түр-сипатын, мысалға, көк немесе қой көзді екенін, шашының жирен болмаса қара, өңінің аққұба болмаса қараторы екенін, яғни этникалық жаратылыс ерекшелігіп жоя алмайды. Ұза са ұлтын жасыруы мүмкін [2, 96]. Әсілі, ұлттық идентификацияның азаматтық түрі Батысқа тән, этникалық түрі Шығыс халықтарының менталитетінің өзгешелігінен туған.

Ұлттық идентификацияны жіктеудің бір түрі Л.М. Дробиева мен Т.С. Гузенкованың еңбегінде кездеседі [3, 41-42-б.]. Олардың пікірінше ұлттық идентификация тарихпен тығыз байланысты. Тарих - ерліктің, ұлттың жанкешті күресінің, елдіктің символы. Сол үшін де адамдар тарихты құрметтейді. Байырғы кең заманға деген сағыныштың арқасында ұлттық идентификация нығая түседі. Тарихи идентификацияның екі түрі бар. Генсологиялық және территориялық. Алғашқысы

көбіне көшпенді халықтарға тән. Мұны біз қазақ халқының ұлттық менталитетінен анық байқаймыз. Шежірелер, яғни тектілік идеологиясы, рулық намыс, атадан балаға беріліп келе жатқан ерекше қасиеттер туралы нанымдар, ұлттың барлық адамдарының бір атаның баласы деп есептелуі, атасы бөлек біреулердің «кірме», «қыздың баласы», «келімсек» аталуы т.с.с. Ал, территориялық идентификация көбіне Батыс Еуропа халықтарына тән. Белгілі бір аймаққа келіп қоныстанған адам сол аймақтың мәдениетін қабылдап, сол ұлтқа сіңіп, атауын алады.

Ұлттық идентификацияның құрамдас компоненттерін Э. Смит төмендегідей анықтайды: тарихи жады, ұлттық аңыздар, рухани құндылықтар мен ұлттық символдар. Аңыздар мен символдар киелі мәтіндерде (мысалы, қазақтар үшін Құран, Ясауидің, Иүгінеки, Бақырғани хикметтері, абыз-әулиелердің өсиеттері, даланың аңыз әңгімелері), киелі, қасиетті жерлерде, молаларда, ұлттық киімде, өнерде, фольклорда, архитектурада, ұлттық музыкада, поэзияда, батырлық дәстүрлерде болады[3, 42-б.]. Мұның бәрі ұлт әлемінің символдық құрамы. Осы символдар идентификацияның ядросы. Бұларсыз идентификация болмайды. Ұрпақ ұлттық болмысын жоғалтады. Ал, бұл символдар мен аңыздар өте тартымды болуы, адамдардың рухани сұранысын қанағаттандыруы керек. Егер, аңыздар мен символдар әлсіз болса ұрпақтың бұл аңыздарға елтуі, бабалар өсиетін сақтауы неғайбыл. Ұлтты рухани құбылыс дейтініміз осыдан. Осы жерде қазақ халқының ұлттық дүниетанымының, көшпенді өмірден қалған аңыздарының, далалық исламның адам рухын сусындату қуатының мол екенін айта кеткен жөн. Бірақ, Э. Смиттің ұлттық идентификацияның адамдар санасындағы құрамы туралы бұл пікірі примордиалистік менталитеттегі ұлттардың сана-сезімін суреттеуге ыңғайлы болғанымен индустриалды мәдениет пен капитализм арқылы қалыптасқан Батыс Еуропа ұлттарының идентификация заңдылықтарына сәйкес келмейді.

Өткен ғасырға көз салсақ, Кеңес Одағының ұлттық саясаты отаршылдық-империалистік пиғылда болғанымен, әр ұлттың жоғары мәдениетінің құрылуына мүмкіндік берді. Яғни атеистік идеология мен этникалық мәдениеттің тайталасқан күресі арқылы ұлттық менталитеттің бәсекеге қабілетті имунитеті қалыптасты. Жоғары мәдениет институттары әр республикада халық санасында этноцентристік пиғылдың жойылып кетпеуі үшін жұмыс істеді. Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, этнограф С.П. Поляков, - «Кеңес Одағы кезінде 1 ғасырға жуық жүргізілген Орта Азия қоғамындағы модернизациялық процестер мұндағы халықтардың дәстүрлі әлеуметтік құрылымы мен институттарын өзгерте алмады. Кеңестік модернизация кезінде Қазақстан мен Орта Азия халықтары өздерінің ислам діні арқылы қалыптасқан әдет-ғұрыптары мен әлеуметтік институттарын (ру, неке, құдалық-отбасылық дәстүрлер т.б.) қоғамда ашық насихаттаған жоқ, бірақ күнделікті өмірде пайдаланып келді. Ал, Кеңес Одағы тараған кезде дәстүрлі дүниетаным аймақтың қоғамдық өмірінде жетекші роль ойнай бастады», - деп жазады[4]. Кеңес Одағының ұлттық саясатының сәтсіздігі тоталитарлық жүйенің қабырғасы сөгіле бастағанда-ақ одақтас республикаларда этноцентристік қозғалыстар түрінде көрініс берді. Коммунистік-атеистік идеология дағдарысқа тірелгенде оның орнын бірден ұлттық идеология басты. Бірақ, Одақ құрамында болған көптеген республикалар көпұлтты қоғамдарға айналып үлгерген еді. Нәтижесінде халқының этнодемографиялық құрамы екі немесе үш ұлттан тұратын республикалар пайда болды. Бұл елдерде ең қиыны - бұрынғы аға ұлт болып саналған орыс ұлты өкілдері екінші қатарға ысырылып, мемлекетті құрудағы тарихи бастаманың жергілікті ұлтқа өтуі болды. Кеңес Одағының экономикасының біркелкі индустриалдық бағытта дамымауы, ұлттық мәдениеттердің жоғары индустриалдық бірыңғай мәдениетке өте алмауы көпшілік республикаларда орыс тілі мен жергілікті ұлттық мәдениеттің бәсекесін тудырды. Алайда, ТМД-ның көпшілік елдерінде әкімшілік-тілдік қатынастардың кеңестік моделінің орнығуы себепті жергілікті ұлттық мәдениеттердің мемлекеттік істерді жүргізуге мүмкіндіктері шектеулі екені байқалды. Осыған сәйкес,

Қазақстанның ұлттық идентификациясының негізгі проблемалары төмендегідей сипатта қалыптасты.

- Қазақстан халқының этнодемографиялық құрамы биэтникалық және негізгі екі халық - қазақ пен орыс этностары республиканың теріскейі мен күнгейіне бөлек-бөлек, шоғырлана қоныстанған. Бұл өркениеттік тамырлары (христандық пен ислам, славяндық пен түркілік) мүлде бөлек екі мәдениеттің интеграциялануын, ортақ құндылықтар мен «дәстүрлер» жасап шығару процесін қиындатады.

- Қазақстан халықтарының көбі славян және түркі нәсілді ұлыстар. Бұл халықтардың менталитеті ұлттың примордиалистік тұжырымдамасына сәйкес келеді. Сондықтан, орыс ұлты өкілдері қазақ мәдениетін қабылдауды кертартпа һәм қауіпті құбылыс деп біледі. Өйткені, посткеңестік кеңістікте орыс халқы өкілдеріне өздерінің басқарушы ұлт емес, басқа халықтар сияқты экономикалық дағдарысқа, әлеуметтік-психологиялық проблемаларға белшеден батып отырған қатардағы қалыңқы халық екенін мойындау ауыр. Оның үстіне, қазақ мәдениеті әлі бұқаралық мәдениетке айнала қойған жоқ. Бір жағынан бұл жақсы да, өйткені, бұқаралық мәдениеттің жалпы мәдениет ұғымына қайшы жақтары көп. Тектілік, әулеттің тазалығы, сүйген жардың адалдығы, әйелдің еркекті құрмет тұтуы, қарттардың туған-туысқа қамқорлығы сияқты дәстүрлі қағидалар қазақ қоғамында әлі де бар. Бірақ, славян нәсілінің өкілдерін қазақ мәдениетінен үркітетін бұл жағдай емес. Қаладағы қазақтар орыс тілділер болғандықтан орыс ұлты өкілдері қазақ мәдениетінің өкілдері тек ауыл жұртшылығы деп түсінеді. Ал, ауылдағы қазақ мәдениеті әлеуметтік-психологиялық проблемалардың кесірінен өзінің шынайы мазмұнын жоғалтып алғанын басқа ұлт өкілдері біле бермейді. Қазір жұмыссыздық пен кедейліктің кесірінен маргинализацияға ұшырап, қылмыс жасауды көбейткендер - ауыл тұрғындары. Өкінішке орай, еліміздегі басқа ұлт өкілдері қазақ мәдениетінің шынайы-тарихи құндылықтарын ауыл адамдарының бойынан іздейді. Қазақ мәдениетінің кеңестік модернизацияның салқынынан, кейінгі экономикалық дағдарыстың кесірінен рухани эрозияға ұшырап, ішкі үйлесімділігі бүлінгендігін олар біле бермейді. Қазақ дүниетанымының шынайы құндылықтарын қалпына келтіру үшін ежелгі руханиятты, қазақ халқының дінтаным үлгісін қайта жаңғырту керек. Екінші жағынан, қазақ мәдениетінің тез игерілетін қарабайыр бұқаралық мәдениетке айналмауы оның жалпы бұқараның, оның ішінде славян отбасыларына таралуын қиындатады. Яғни, күнен-күнге бұқаралық мәдениетке айналып бара жатқан орыс мәдениетін қоғамдық өмірден тысқырып шығару қазақ мәдениетіне қиын болатын түрі бар [5, 116-б.].

Қазақстан халықтарының ұлттық һәм мемлекеттік идентификациясының негізгі проблемалары осы факторлармен анықталады. Жаһанданудың ұлттық мемлекеттерге тигізетін мәдени әсері - ұжымдық және жеке бас идентификациясының күйреуі болмақ. Қоғамдық өмірдің, мейлі ол саяси, экономикалық-әлеуметтік, тіпті рухани сала болсын интернационалдық сипатының күшеюі идентификацияның қалыптасу шарттарын да, оның сипатын да өзгертеді [6, 48-б.]. Әзірге жаһанданудың мәдени ықпалы бұқаралық мәдениеттің жағымсыз әсерінің күшеюімен сипатталып тұр. Бұқаралық мәдениеттің адам көкірегінде мемлекеттік немесе мәдени идентификацияға орын қалтырмайтыны белгілі болып отыр. Бұқаралық мәдениеттің нақты ғылыми анықтамасын әлі ешкім айқындай қойған жоқ. Оны бір ауыз сөзбен тұтынушы бұқараның мәдениеті деп айтуға болады. Яғни, адамдар қай елде болмасын бірегей стандартқа түскен материалды һәм интеллектуалды өнімдерді пайдаланады. Жаһанданудың экономикалық мүмкіндіктері, яғни әлемдік коммуникация, аудио-, видеоақпараттарды тарататын түрлі таспалар мен бұйымдар, жер серіктері, тағы басқа техника жетістіктері ұлттық мәдениеттерге ықпал етуде. Бұқаралық мәдениет егеменді мемлекеттердің ұлттық тұтастықты сақтауға деген идеологиялық мүмкіндіктерін шектей бастады. Өйткені, ұлттық тұтастық белгілі бір мәдениетке негізделеді. Ал, мәдениет дегеніміз ең алдымен рухани құндылықтар жиынтығы [7].

Мемлекеттік тұтастықтың негізгі заңдылығы халықтың дәстүрлі құндылықтарын мойындап, ұлттық-мемлекеттік мәдениетке адамдардың бірігуі, яғни адамның өз бойындағы бірқатар құштарлықтарынан бас тартуы десек, жаһанданудың интеллектуалды өнімдері қоғамның осы әлеуметтік санасының тінін бұзып, қоғамдық тәрбие-тәртіп талаптарын теріске шығаруда. Оның ең қауіпті сипаты – осы ұлттық құндылықтарға қайшы келетін аморальды қылықтарды қоғамдық идеологияға айналдыруында. Қоғам атынан сөйлейтін ақпарат құралдары бұқаралық мәдениет өнімдерін күні-түні таратып жатыр. Жаһандық-бұқаралық мәдениет Батыс Еуропа елдерінің өзінде де қоғамның әлеуметтік-мәдени негізін бұзуда. Қазір мұнда бұқаралық мәдениеттің ең жоғарғы сатысы «бір өлшемді адам» - «homo ludens» туралы көп айтылады. Бұл - рухани мазмұнын жоғалтқан, сауықшыл, елмен бәстесіп, кез-келген жолмен (алдау, арбау т.б. арқылы) озып шыққанды өмірдің мәні санайтын адамдар түрі. Бұған Батыстағы нашакорлар мен түрлі субмәдениет, яғни хиппи, рокер, рэпер, т.б. антиәлеуметтік дүниетаным өкілдерін қосыңыз. Отбасын құру, бала-шағаны жеткізу, білікті маман болып қоғамда өзінің лайықты орнын алу, елге қамқорлығымен бедел жинау сияқты адамдардың әлеуметтік тілек-мақсаттары қоғамды дамытатын ынталандырушы фактор болудан қалып барады [8, 46-54-б.]. Соңғы жылдары алыс, жақын шет елдермен қарым-қатынас жасаудың жиілеуі қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен әдебіне жат мінез-құлықтардың ауа жайылуына да жағдай тудыруда. Ішімдік, темекі, есірткі, рұқсатсыз қару-жарақ қолданудың көбеюі, рәкет пен жезөкшеліктің пайда болуы, жалғыз басты ана, тастанды бала, тірі жетімдер санының артуы, ақшаға, пайдаға құнығу т.б. осы секілді көптеген теріс қылықтарды көбейте түсті. Осылардың басты бір себебі – өнімді еңбектің құны түсіп, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы бұрынғы ұжымдардың күйзеліске ұшырауы. Социализм тұсында жоғарыдан нұсқау мен көмек күтіп отыруға әдеттенген халық жаңа жағдайға икемделе алмай келеді. Бұған қоса, бұқаралық ақпарат құралдары (баспасөз, теледидар, радио, кино, жарнамалар т.б.) “озық батыс мәдениеті” деп қатыгездікті, нәпсіні, жауыздықты, өзімшілдікті дәріптейтін “өнер үлгілерін” тек табыс әкелетін болса жеткілікті деп көптеп таратып жатыр.

Бұған керісінше, мемлекеттік-ұлттық идентификацияның негізінде әлеуметтік жауапкершілікті жоғары қоятын, көпшіліктің мүддесі үшін жеке бастың құмарлықтарын екінші қатарға ысыратын рухани құндылықтар ғана жатуы керек. Сондықтан, бұқаралық мәдениет пен ұлттық идентификацияны құрайтын құндылықтар логикасы бір-біріне мүлде қарама-қайшы дүниелер.

Бұқаралық мәдениеттің демократияның, саяси-экономикалық дамудың белгісі сияқты көрінетін бетсыдырғы, алдамшы қасиеті де бар. Мұның индустриалды қоғам құруға келтірер кедергісі мол. Бұқаралық мәдениет дамушы елдердің жастарын көңілді жиындарға, немесе теледидар алдында уақыт өткізуге дағдыландырып, үлкен еңбекпен, мол бейнетпен қолға келетін іргелі ғылым мен кәсіби дағдыны меңгертпей, өзінің баянсыз қызығына тартып, әр студентті шулы, думанды күндеріне жұтып әкетеді. Оны Қазақстан жастарының бүгінгі өмірлерінен және жоғарғы оқу орнын бітірген түлектердің көпшілігінің білімсіздігінен де аңғаруға болады. Ал, мемлекеттің дамуы мен оның тұтастығы халқының мәдениетінің жоғары болуына тәуелді. Мәдениет – біріншіден, материалдық һәм рухани құндылықтар жиынтығы. Құндылықтар салауатты әлеуметтік белсенділікке бастаса ғана рухани құндылық болып саналады. Екіншіден, мәдениет - қоғамның рухани өмірінің жемісі. Яғни, ол - діни һәм ұлттық дүниетаным, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар, бірлікке шақыратын символдар жүйесі. Үшінші, мәдениет – қоғамға пайдалы белгілі бір кәсіпті игеру, сол кәсіпке керекті білім мен тәжірибе жиынтығы. Төртінші, мәдениет – адамның алған біліміне, тәрбиесіне қарай әлеуметтік мінез-құлқы, қоғамдық орындардағы биязы жүріс-тұрысы һәм пайдалы қарекеті [9]. Сонда, мәдениет дегеніміз - қоғамның ұйымдасуына негіз болатын рухани құндылықтардың, адамдардың өзара пайдалы қарым-қатынас қағидалары мен ұлттың

қоршаған ортаға, табиғатқа көзқарасының жиынтығы. Мәдениет өз құрамына міндетті түрде тарихи жадыны, әдет-ғұрыптарды, діни сенімдерді, киім үлгілерін, ұлттық тілдерді, діни ритуалдарды қамтиды [10]. Ал, жалпы адамзаттық құндылықтар деп жүргеніміз осы ұлттық құндылықтардың ортақ, әмбебап қағидалары. Сонда, бұқаралық мәдениет кез-келген мемлекеттің тұтастығының, тұрақтылығының, экономикалық, ғылыми-технологиялық дамуының тірегі болатын «мәдениет» ұғымына, жалпы адамзаттық құндылықтарға қайшы құбылыс болып шығады. Олай болса жаһанданудың ұлттық мемлекеттердің ішкі мәдени тінін, қойнауын бұзатын зиянды ықпалы - бұқаралық мәдениет екені даусыз. Бұқаралық мәдениеттің атауына «мәдениет» сөзін тіркеп айтамыз, өйткені ол адамдардың сөзжасам заңдылығынан, сөйлеу ыңғайынан шыққан дүние. Олай болса қазір, барлық дамушы елдердің, әсіресе Шығыстың діни мемлекеттерінің жаһандануды өздерінің идентификациялық негіздеріне қауіпті санауы заңдылық болып шығады.

Жаһанданудың елімізге мәдени ықпалы әлемдік нарық заңдылықтары арқылы да жүруде. Жаһандану үрдісінің қозғаушы күші капитализм десек, адамдардың жаппай маргиналдану процесі алғаш осы капитализммен бірге туындаған екен. Кеңес Одағының тарауына әлемдік капитализм қысымы да әсер еткені белгілі. Мемлекеттердің ендігі дамуы шетелдің экономикалық, қаржылық көмегі арқылы ғана іске асады. Қазіргі Қазақстанда да өндірістік процесске қатыспайтын, нарыққа керекті кәсіп игермеген адамдар көбейіп кеткен. Мұндай адамдардың көбі инвесторлар қоятын кәсіби талаптарға жауап бере алмайды. Сондықтан, қазіргі Қазақстанда маргиналдардың қалың тобы пайда болды. Ереуілге, қақтығысқа бейім, ашу-ызасын шығаратын жол іздеп, қыстығып жүргендер, утописттер, «халифат», «джиһад» идеясын іске асыруды аңсайтын діни фундаменталистер т.б. антиәлеуметтік энергия иелері осы маргиналдар арасынан ғана шығады. Бұл адамдарға тән психологиялық теріс қасиеттер мыналар: өмірін жоспарлауға дәрменсіздік, нашар тұрмыстың себебін білмеу, өмірде жолы болмағандықтан қоғамға деген өкпе мен өшпенділік, өте ұшқары қимылдардан, тіпті террорлық әрекеттен де тайынбау, өз құқықтарын білмеу, білімнің жоқтығынан экономикалық-қоғамдық өзгерістерді түсінбеу, соның кесірінен жеке дүниетанымының ұзақ уақыт қалыптаспауы.

Қорыта келе айтқанда, Қазақстан халқының маргиналдануын экономикалық-әлеуметтік дағдарыс, бір жүйеден екінші жүйеге өту процесі және ауыл халқының қалаға жаппай көшуі күшейтіп отыр. Осының кесепатынан Қазақстан жастарының бойындағы этникалық құндылықтар жойылуда және олар бұқаралық мәдениетті де тез қабылдауда. Сөйтіп, қазір Қазақстан азаматтарының көпшілігі мемлекетіне, ұлттық мәдениетіне, отбасына деген сүйіспеншілігін жоғалтып жатыр. Рухани қайыршылыққа түскен адамның бойынан білімге, кәсіп игеруге, салауатты өмірге деген ықыластың жойылып кететіні белгілі. Бұл жағдай әлемдік көлемде де қарқынды жүріп жатыр. Болашақта маргиналдану процесі баяулағанымен, жалпы жалғаса бермек. Маргиналдар қазір қай дамушы мемлекетте болмасын халықтың негізгі бөлігі. Өз өміріне риза емес, билік басындағыларға деген өшпенділігі асқынған азаматтарға көбінесе геосаяси мақсат көздеген радикалды саяси күштер мен экстремистік діни ұйымдар үйір болады. Сондықтан, жаһанданудың экономикалық, мәдени ықпалы ұлттық мемлекеттердің саяси егемендігін шектеп, ішкі саяси тұрақтылығын сақтауда дербестіктен айыруда деп бағалауымызға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Кашуба М.С., Галкина Е.М. // Конфликтная этничность и этнические конфликты. - Москва, 1994.
- 2 Коротеева В.В. «Теории национализма в зарубежных социальных науках». - Москва: Рос. гос. гум. университет, 1999.

- 3 Дробижева Л.М., Гузенкова Т.С. «Ценности и символы национального самоосознания в условиях изменяющегося общества». – Москва, 1994.
- 4 Поляков С.П. Традиционализм в среднеазиатском обществе. – Москва, 1989.
- 5 Кадыржанов Р.К. «Консолидация политической системы Казахстана: проблемы и перспективы». – Алматы: ИФиП, 1999.
- 6 Лебедева Т.П. «Глобализация и проблемы национальной идентичности». //Полис. № 2. 2003 г.
- 7 Социологический энциклопедический словарь. – Москва: ИНФРА М-НОРМА, 1998.
- 8 Чешков М. «О видении глобализирующегося мира». //МЭ и МО. 1999 г., № 6.
- 9 Социологический энциклопедический словарь. – Москва: ИНФРА М-НОРМА, 1998.
10. Джери Д., Джери Дж. Большой толковый социологический словарь. – Москва: «Вече Аст», 1999 .

Дариябек Д.С.

Магистр философии, докторант Института философии, политологии и религиоведения, Алматы. Қазақстан

НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ И НАРОДНЫЕ ЦЕННОСТИ

Аннотация: В данной статье рассматривается влияние глобализации на национальную идентификацию и народные ценности. Глобализация оказывает решающее влияние на все сферы человеческой жизни – культуру, язык, образование, духовно-нравственное развитие. В современном обществе все эти сферы приобретают качественно новые черты. Одним из основных показателей национальной идентичности людей, принадлежащих к одной нации является его этнический характер. Люди, которые ценностно относятся к духовному и материальному благополучию своего народа, так же будут уважать и ценности других этносов. Маргинальная группа людей — это группа, отвергающая определённые ценности и традиции той культуры, в которой она находится, и утверждающая свою собственную систему норм и ценностей. В настоящее время экономического и социального кризиса, процесса перехода от одной системы к другой системе наблюдается такая тенденция среди молодежи нашей страны. Таково же положение и во многих других странах, особенно в развивающихся.

Ключевые слова: национальная идентификация, ценность, глобализация, массовая культура.

Dariyabek D.S.

Master of Philosophy, doctoral student, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies, Almaty. Kazakhstan

NATIONAL IDENTITY AND VALUES

Abstract: This article examines the impact of globalization on national identity and national values. Globalization has a decisive influence on all spheres of human life - culture, language, education, spiritual and moral development. In modern society, all these spheres acquire qualitatively new features. One of the main indicators of the national identity of people belonging to a nation is its ethnic character. People who value relate to the spiritual and material well-being of its people, as well, and will respect the values of other ethnic groups.

The marginal group of people - a group that rejects certain values and traditions of the culture in which it is located, and asserting their own system of norms and values. In the current economic and social crisis, the transition from one system to another system, there is such a tendency among young people of our country. The same situation in many other countries, particularly in developing countries.

Key words: national identity, value, globalization, mass culture.